


КӨГЕРШІН - БЕЙБІТШІЛІК ҚҰСЫ





Бейбітшілік. Осы бір асыл сөз қазір бүкіл дүниеге тарап, әрбір ізгі ниетті, адал ойлы адамның жүрегінен құрметті орын алды. Қазақтың барлығы бір - біріне бауыр. Бейбітшілік – адамзат өмірінің бүгінгі мен ертеңі. Оның шайқалмай, сынбауы үшін бейбітшілік құсы аспан көгінде қалықтай береді. Бейбітшілік бізге оңай келген жоқ, осы сөзде сұрапыл қанды соғыстың адам айтқысыз азабы, халықтар қаһармандығының, достығының үлгісі, бейбітшілік жолындағы халықтар күресінің тарихи жеңістері ұштасып жатыр



«Ақ көгершін»

1. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің,
Бар, кезіп қайт ел үшін
Кең дүниенің көлемін.
Әділеттің құсы деп,
Көз алмастан жолыңнан
Бақыт болып қоншы деп,
Ұшырамын қолымнан.

2. Сенен көзің алмайды
Ақ ниетті бар адам.
Ақ қанатың талмайды
Әділеттен жаралған.
Тыныш-бейбіт өмірдің
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің
Қайт шыңына қонақтап.

Қайырмасы:
Ел тілегін алып ұш
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш
Мұхиттың арғы жағына

